ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢБІЛІМ БӨЛІМІ
«ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №66 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІ»КММ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ ИНАУКИ ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АКТОБЕ КГУ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА№66 ИМЕНИ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИУЛЫ

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

2023 жылғы «24» сәуір **№ 149/1** **«24» апреля 2023 года**
Ақтөбе қ. **г.Актобе**

2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 20.04.2023 жылғы №129 бұйрығы негізінде

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н

1. «Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-сінде оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.
2. 9-сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.
3. 11-сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.
4. Қорытынды аттестаттау бекітілген мерзімдерге сәйкес уақытылы өткізілсін:
   9-сынып оқушылары үшін:
   1) қазақ тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан – 2023 жылғы 2 маусым;
   2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;
   3) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым;
   4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/неміс), информатика) – 2023 жылғы 13 маусым;

   11-сынып оқушылары үшін:
   1) қазақ тілі бойыншаи жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;
   2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым;
   3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;
   4) қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/неміс), информатика) – 2023 жылғы 19 маусым;

5. 2022-2023 оқу жылын аяқтау, қорытынды, мемлекеттік бітіру емтихандарын өткізу мақсатында ұйымдастыру іс-шаралары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 және 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрықтарының талаптарына сәйкес қамтамасыз етілсін.
6. 9-сынып оқушылары үшін емтихан тапсырмаларын 2023 жылғы 15 мамырға дейін емтихан тапсырмаларын уақытылы алып қамтамасыз ету директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Ж.Орынтаеваға жүктелсін.
7. жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлердің оқу пәндерінен емтихан тапсыру барысын қадағалау, жазбаша емтихан жұмыстарын ұарау шараларын ұйымдастыру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Ж.Орынтаеваға жүктелсін.
8. «Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-сінде ағымдағы жылғы 31 мамыр күні оқу жылын аяқтау, 20-22 маусым күндері жалпы орта білім туралы аттестаттарды тапсыру шараларын мәндетті түрде мектеп қабырғасында өткізу әрі білім алушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары қатаң бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Г.Ж.Доскабыловаға және Ж.С.Касымоваға жүктелсін.
9. «Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-сінде ата – аналардан қаражат жинамау мәселесі қатаң бақылау директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына және 9 сынып және 11 сынып класс жетекшілеріне жүктелсін.
10. Ұлттық білім беру деректер қоры мәліметтері мен «Күнделік» жүйесінің уақытылы, сапалы толтырылуы, жылдық, қорытынды бағалардың уақытылы қойылуы қадағалау директордың оқу-тәрбие, әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарларына жүктелсін.

Мектеп директоры: З.Б.Калыбаева